

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ**

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ МУЗЕОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

**«Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы»
пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және
әдістемелік ұсыныстары**

«7M02210» – Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

Алматы, 2024 ж.

Құрастырушы:

Қалыш А.Б. Археология, этнология
және музеология кафедрасының
профессоры

«Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды «__» 2024 ж., хаттама №_____

Кіріспе

Магистранттар «Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы» пәні бойынша емтихан дәстүрлі жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

UNIVER жүйесіне (univer.kaznu.kz) сұрақтар үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

Емтихан өткізу регламенті: Емтихан алдын-ала бекітілген кесте бойынша өтеді.

Емтихан ережелері: Емтихан барысында магистрант ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге болмайды. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Отбасы мен некенің антропологиясына байланысты әдебиеттер мен деректерге шолу жасаңыз.
2. Отбасы құрлымы мен түрлері: дәстүрлер мен инновациялар.
3. Отбасы ішіндегі ерекшеліктерді айқындаңыз.
4. Ұлттық этикеттің ережелері мен ерекшеліктерінің негізгі көріністері.
5. Отбасының әлеуметтік функцияларының антропологиясы.
6. Қазақтардың туыстық қарым-қатынастары: өз жұрты, нағашы жұрт, қайын жұрт.
7. Танысу факторлары және некеге дейін олардың ұзақтығы.
8. Некеге құрудың ерекшеліктерін айқындаңыз
9. Ресми құдалық арқылы некелер.
10. Ұлт-аралас некелердің динамикасы мен этникалық құрлымы.
11. Ұлт-аралас отбасыларда жасөспірімдердің этникалық идентификациясы.
12. Отбасы мен некедегі ажырасу феноменін талдаңыз.
13. Некеге тұру мерзімі мен ұзақтығы бойынша ажырасулар.
14. Ажырасқан және толық емес отбасылардағы балалар мен жасөспірімдер.

Әдебиет:

Негізгі:

1 Әлемдік әлеуметтану антологиясы. 10 Томдық. «Мәдени мұра бағдарламасы». – Алматы, 2008.

2 Тажин М.М. Әлеуметтану. 2 том. – А.: 2005.

3 Гараджа В. И. Социология религии. Учебник для вузов. М., 1996. 238 с.

4 Глок Ч. Социология религии // Религия и общество: Хрестоматия. М., 1996. С. 339.

Қосымша:

1. Белла Р. Социология религии // Религия и общество: Хрестоматия по социологии религии / Сост. В.И. Гараджа, Е.Д. Руткевич. М., 1996. С. 190-194, 665-677.

2. Вебер М. Социология религии (Типы религиозных сообществ) // Избранное. Образ общества. М., 1994. С. 78-308.

3. Вебер М. Протестантская этика и дух капитализма // Избр. произв. М., 1990. С. 44-272.

4. Рэдклифф-Браун А. Религия и общество // Структура и функция в примитивном обществе. М., 2001. Г. 8.

Зерттеушілік инфрақұрылымы

1. ҚР МОМ,

2. Ә. Қастеев атындағы өнер музейі

Мәліметтердің кәсіби ғылыми базасы

1. ҚР Ұлттық кітапхана. <https://nlrk.kz/index.php?lang=kz>

2. <https://elibrary.kaznu.kz/kk/>

3. [eLIBRARY.RU](http://elibrary.ru)

4. [Архив журналов РАН](http://www.ras.ru)

5. [Электронная библиотека «ЛитРес»](http://www.litres.ru)

Интернет-ресурстар

1. [www.http://csmrk.kz](http://csmrk.kz)

2. <http://muzey.kz>

3. <http://www.museum.ru>

<http://www.rusmuseum.ru>

**«7M02220-Этнология және антропология»
білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы»
пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға дін антропологиясының даму кезеңдерін талдап, отбасы антропологиясы классиктерінің теориялары мен еңбектерін талдау және ғылыми зерттеулерде егжей-тегжейлі дәлелдеп, отбасы антропологиялық көзқарастың ерекшелігін бөліп көрсетіп, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық ашылуы	«Жақсы» деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, діни мәдениеттер мен құбылыстардың ерекшелігі көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Қазақтардың отбасы мен некесінің тарихи антропологиясы тарихына қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған,	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада.

	ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.		негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.